**Әдіскер:** «31» «01» 2025 ж.
**Қолы:** ______________________________
**Тәрбиеші:** Умарова Г.К.

**Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы-** №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы, Ақтөбе қаласы.
**Топ:** № 3 «Гүлдер» арнайы ересек.
**Балалардың жасы:** 4 жас.
**Жоспардың құрылу кезеңі-** 03– 07 ақпан 2024-25 оқу жылы

| Күннің болжамды режимі және оның мазмұн | **Дүйсенбі 03.02** | **Сейсенбі 05.02** | **Сәрсенбі 06.02** | **Бейсенбі 07.02** | **Жұма 08.02** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | **«Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын** орындау.<br>**Ойын-жаттығу:** «Көңілді аққалалар». Балаларды аққалалармен қол соғып амандасуға, сыпайы сөздер айтуға үйрету. (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағды) | **«Түрлі-түсті жолдар» ойын- жаттығу.** Әдісі- әр бала өзі таңдаған түске барады және секіріп іздерге түседі, таңдаған жолымен тепе-теңдікті сақтап жүреді. (физикалық, шығармашылық дағды) | **Топтағы «Жолда жүру» бұрышына саяхат.** Балалардың назарын қаладағы көшенің жолына, көліктеріне аударып, әңгімелесу. (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағды) **«Күй күмбірі»**. Күйдің әуені ойнап жатады. | **«Сыңғырла қоңырау» ойын – жаттығу.** Әдісі- баланы жақсы көңіл күймен және қоңыраумен қарсы алу. (физикалық, шығармашылық дағды) | **«Көңіл-күй анасы» жаттығу** - қабырғада ілініп тұрған сызба-белгілерді соғу арқылы көңіл-күйін көрсетеді. (әлеуметтік-эмоционалды дағды) |
| Ата – аналармен әңгімелесу, кеңестер. | **Дәйек сөз:** Жасампаздық және жаңашылдық. «Жасампаздық - бәрімізге өнеге» осы аптада. | Ата-аналармен балалардың өзіне-өзі қызмет ету дағдылары туралы әңгімелесу. | Ата-аналармен балаларды ауа-райына байланысты киім кию қажеттілігі туралы әңгімелесу. | Жеке бас гигиенасының сақталуын қадағалауын сұрау. | Ата-аналарға логопед-дәптерінде жұмыс жасау туралы кеңес беру. (жеке, сұрау бойынша немесе сұрақтары бойынша) |
| Балалардың өздік іс-әрекеті (қозғалысы аз ойындар, | Ойын кеңестігін ұйымдастыру: **«Көліктер» әңгімесі.** Мақсаты: «көліктер, машина, авто- | Ойын кеңестігін ұйымдастыру: **«Көлік түрлері» әңгімесі.** Мақсаты: көлікті атауға және | Ойын кеңестігін ұйымдастыру. **Тіл ұстарту жаттығуы:** На, -на, -на,<br>Бұл қызыл машина. | Ойын кеңестігін ұйым -дастыру: **Логоритми -калық жаттығудың өлең** жолдарына сәй- | Ойын кеңестігін ұйымдастыру. **Кітап қарау:** «Көліктер». Мақсаты: Балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| үстел үсті ойындар, көркемөнерпа здар ойынд. кітаптарды қарау және басқалар | бус» ұғымдарын еңгізу. Сен балабақшаға қан-дай көлікпен келдің? – осы сұраққа жауап беру -ге үйрету. Әкең маши-наны қалай айдайды? – айтуға және іс-әрекет-пен көрсетуге үйрету. (коммуникативтік дағды) | түрлерін ажыратып, оның адамға пайдасы туралы әңгімелеп айтып беруге және іс-қимыл көрсетуге үйрету. (фетрден жасалған көліктер) (коммуникативтік, физикалық дағды) | Ке,-ке, -ке,<br>Бұл үлкен кеме.<br>Ақ, -ақ, -ақ,<br>Бұл жаңа ұшақ.<br>(коммуникативтік дағды)<br>**Өнегелі әңгіме.** Біз тәртіпті баламыз. Айтқан тілді аламыз- ақылды боламыз. | кес іс-қимылдар жа-сап, сөздерді қайталап дұрыс айтуға үйрету. Мотоцикл жүреді др,-дрр,-дррр. Автобус та желелі ыж,-ыжж,-ыжжж. Трактор да келеді тр,-трр, -тррр. (коммуникативтік, физикалық дағды) | өлеңдерді оқып, мазмұнын талдауға, көліктердің дыбысын және жүруын салуға үйрету. (коммуникативтік, шығармашыдық дағды) |
| Таңғы жаттығу | Таңертеңгілік гимнасти -ка кешені № Мақсаты: жетекші нұсқауышы-ның жоспарымен өтеді. (физикалық дағды) | Таңертеңгілік гимнастика кешені № Мақсаты: жетек -ші нұсқауышының жоспарымен өтеді. (физикалық дағды) | Таңертеңгілік гимнастика кешені № Мақсаты: жетекші нұсқауышының жоспарымен өтеді. (физикалық дағды) | Таңертеңгілік гимнас-тика кешені № Мақса -ты: жетекші нұсқауы-шының жоспарымен өтеді.(физикалық дағ) | Таңертеңгілік гимнас-тика кешені № Мақса -ты: жетекші нұсқауы-шының жоспарымен өтеді.(физикалық дағд) |
| Таңғы ас | Таңғы ас алдында қол-дарын тазалап жууын қадағалау. **Үнемді тұтыну.** Кранды жақсы жабамыз. | Тамақты ішкенде төкпей ж/е шашпай ішуге дағды-сын қалыптастыру. **Үнемді тұтыну.** Нан қиқымын шашпаймыз. Құстарға жинаймыз. | Таңғы асқа берілген ботқа жайлы әңгімелеу және оның денсаулыққа пайдасы жайлы айту. **Үнемді тұтыну.** Судың да сұрауы бар. | Қасықты оң қолымен ұстауларын қадағалау. **Үнемді тұтыну.** Жуунатын бөлменің жарығын сөндіру керек. | Ас ішіп отырғанда тәртәпті сақтау керек, сөйлемеулерін қадағалау. |
| Ұйымдастыр ылған қызметке дайындық | **Нейрожаттығу:** «Қағазды умаждау». Әдісі: әзірше 2 қолмен 2 кішкентай қағазды умаждау, содан кейін қағазды қайтадан ашып умаждау. (физикалық дағды және зерттеу іс-әрекеттерін дамыту) | **Тыныс алу жаттығула-ры:** «Ұлпа қарлар». (физикалық, коммуникативтік дағды) **Арттикуляциялық - жаттығу:** № 1-3 (физикалық, коммуникативтік дағды) | **Нейрожаттығу:** «Айқастырған қадам». Әдісі-ұзын түзеу сызықтың (жіптің) үстінен айяқтарын айқастырып жүреді. **Тыныс алу жаттығулары:** «Тамшылар тамды». (коммуникативтік, физикалық дағды) | **Арттикуляциялық - жаттығу:** № 4-6 (физикалық, коммуникативтік дағды) **Тыныс алу жаттығулары:** «Тамшылар тамды». (коммуникативтік, физикалық дағды) | **Нейрожаттығу:** «Массажды доп». Әдісі- массажды допты оң қолға алып, қысады. Содан соң ол допты сол қолға алады. **Арттикуляциялық - жаттығу:** № 7-9 (коммуникативтік, физикалық дағды) |
| Мектепке дейінгі | **1.Сөйлеуді дамыту** | **1.Дыбыстап айту** (маман жоспарына сай) | **1. Дене шынықтыру** (маман жоспарына сай) | **1.Сөйлеуді дамыту** | **1.Сөйлеуді дамыту** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| кестесі бойынша ұйымдастыры лған оқу іс әрекеті | (маман жоспарына сай)<br>**2.Дене шынықтыру** (маман жоспарына сай) | **2. Дене шынықтыру** (маман жоспарына сай) | **2. Музыка** (маман жоспарына сай) | (маман жоспарына сай)<br>**2. Музыка** (маман жоспарына сай) | (маман жоспарына сай)<br>**2. Қазақ тілі** |
| | **Арттикуляциялық -жаттығу:** № 1-3 (коммуникативтік, физикалық дағды)<br>**Дидактикалық ойын:** «Дұрыс-бұрыс». №18 Мақсаты: балаларды қиықша суреттегі балалардың іс-әрекетіне баға беруге, оларды 2 топқа топтастыруға үйрету. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткен үшін кешірім сұрауға баулу. (қоршаған ортамен таныстыру, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағды)<br>**Дидактикалық ойын:** «Көліктер».№19 Мақса -ты: көліктерді атауға және оларды топтасты-руға үйрету. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. (қоршаған ортамен | **Суреттер қарау.**Мақсаты суреттегі заттарды 5-ке дейін реттік санау дағды-ларын дамыту. Реттік сан есімдерін атауға үйрету. (математика негіздері, танымдық, коммуникативтік дағды)<br>**Дидактикалық ойын:** «Ағаштарды отырғыз». №8 Мақсаты: Балаларды биік-аласа үйлердің қасы-на қою тәсілмен тиісті ағаштарды отырғызуға үйрету. (математика негіз-дері, танымдық, коммуникативтік дағды)<br>**Ойын-жаттығу:** «Мен айтқан зат қайда тұр?». Мақсаты: балаларды атал-ған затты кеңістік бағытта -рын өзіне қатысты анық-тауға үйрету. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту, танымдық, коммуникативтік дағды)<br>**Дидактикалық ойын:** «Жануарларды өз мекеніне орналастыр». | **Шағын өлең, тақпақ:** «Көліктер». Мақсаты: Балаларды сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, екпінлі қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, танымдық, коммуникативтік дағды)<br>**Бір тұтас тәрбие.**«Ізденімпаз бүлдіршін» өнер тапқыштық-қа алғашқы қадам. (Таным-дық, эксперименталдық іс-әрекет)<br>**Дидактикалық ойын:** «Көліктер түрлері»№25 Мақсаты: көліктерді атауға, қимылмен жүруін көрсетуге және оларды топтастыруға үйрету. Ерексектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу, (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағды)<br>**Жеке қауіпсіздік:** Қоғамдық орындардағы және көліктегі мінез-құлық қағидалары.<br>**Шығармашылық ойын** «Түрлі-түсті қағаздар». №6 | **Ойын-жаттығу:** «Үй-шік» ертегісі қонақта. Мақсаты: балаларды ертегі желісін ретімен орындауға үйрету. (көркем әдебиет, коммуникативтік дағды)<br>**Тіл ұстарту жаттығуы**:<br>На, -на, -на,<br>Бұл қызыл машина.<br>Ке,-ке, -ке,<br>Бұл үлкен кеме.<br>Ақ, -ақ, -ақ,<br>Бұл жаңа ұшақ.<br>(көркем әдебиет, коммуникативтік дағ)<br>**Дидактикалық ойын** «Үй жануары мен төлдер».№20 Мақсаты балаларды үй жануар-лар мен олардың төл-дерін атауға және үй жануарды төлдерімен топтастыруға үйрету. Үй жануарларына күтім жасауға баулу. (қоршаған ортамен | **Тыныс алу жаттығулары:** «Ұлпа қарлар». (физикалық, коммуникативтік дағды)<br>**Дидактикалық ойын:** «Сөздерді айтамыз». №18 Мақсаты: балалар -ды «Көліктер» тақыры -бында суреттерді мұ-қият қарап, сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қазақ тіліне тән **і,ғ** ды-бystарды анық айтуға баулу. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, коммуникативтік, шығармашылық дағды)<br>**Дидактикалық ойын:** «Заттардың үйлерін тап». №32 Мақсаты: балаларды геометрия-лық пішіндер туралы білімдерін тиянақтау және суреттегі затты пішініне қарай топтас-тыруға үйрету. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таныстыру, қазақ тілі, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағды)<br>**Шығармашылық ойын:** «Бояулар әлемі». №4 Мақсаты: 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды салып, ашық түске бояюға үйрету. Қазақ халқының сәндәк-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. (сурет салу, коммуникативтік, шығармашылық дағды)<br>«**Күй күмбірі**». Күйдің әуені ойнап жатады. | №18 Мақсаты: балаларды жануарларды атауға ж/е оларды өз мекеніне орналастыруға үйрету. Жануарларды қорғауға тәрбиелеу. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйле -уді дамыту, коммуника-тивтік, әлеуметтік-эмоционалды дағды)<br>«**Күй күмбірі**». Күйдің әуені ойнап жатады. | Мақсаты: Балаларды геометриялық пішіндерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа жапсыруға үйрету. (жапсыру, шығармашылық дағды)<br>**Тіл ұстарту жаттығуы**<br>На, -на, -на.<br>Бұл қызыл машина.<br>Ке,-ке, -ке, Бұл үлкен кеме.<br>Ақ, -ақ, -ақ, Бұл жаңа ұшақ.<br>(көркем әдебиет, коммуникативтік дағды) | таныстыру, коммуни-кативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағды)<br>**Дидактикалық ойын «**Ғажайып ермексаз**».**<br>№7 Мақсаты: балалар-ды мүсіндеуде қысу, тарту, басу тәсілдерін қолдануға үйрету. Қор -шаған өмір тақыры-бында композиция құрастыру дағдысын дамыту. (мүсіндеу, шығармашылық дағды)<br>«**Күй күмбірі**».<br>Күйдің әуені ойнап жатады. | танымдық, коммуникативтік дағды)<br>**Құрастыру.Құрылыс материалдарынан құрастыру.** Мақсаты: Балаларды қалаған заттарын құрастыруға үйрету. Ойдан құрасты -ру дағдысын қалып-тастыру. (құрастыру, шығармашылық, танымдық дағды)<br>«**Күй күмбірі**».<br>Күйдің әуені ойнап жатады. |
| Серуенге дайындық | Киіну-шешіну. Киіну-дің бірізділік алгорит-мін бекіту. Шешінетін жерде мінез-құлық ережелерін сақтауға үйретуді жалғастыру. | Киіну-шешіну. Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын дамыту. Ауызша үйретуді жалғастыру, көмек сұрауды білдіруге үйрету. | Киіну-шешіну. Бір-біріне көмек көрсету. (тәрбиеші және белсенді балалардың) | Киіну-шешіну.<br>Шкафқа киімді жинап, есігін жауып, екінші аяқ киімді жинап кету.<br>Дид. ойын: «Аяқ-киім ұрысып татуласты». | Киіну-шешіну.<br>Серуенде таза ауа жұтамыз және торғайларды бақлаймыз. |
| Серуен | **Боранды бақылау.**<br>№11 Мақсаты: боран ұйтқып соққан желдің салдарынан, қыс мезгілінде болатын құбылыс екендігін түсіндіру. (қоршаған ортамен таныстыру, | **Қыстап қалатын құстарды бақылау. №7**<br>Мақсаты: Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыра отырып, мағлұмат беру.<br>(қоршаған ортамен танысу | **Шыршаны бақылау. №9**<br>Мақсаты:Шыршаның тікенекті, оның қысы-жазы бір түсте болатынын көрсете түсіндіру. (қоршаған ортамен танысу, әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік дағды) | **Қарды бақылау.** №2<br>Мақсаты: Қыс мезгілі-нің ерекшеліктерін ай-ту.Қарға сипаттама бе -руге үйрету және оны зерттеу, бақылау.(қор-шаған ортамен танысытыру, әлеуметтік-эмо- | **Қарғаны бақылау. №16** Мақсаты: Қарға-ның дене пішіні, түсі және қалай дыбыстай-тынын бақылай оты-рып, барлық құстарға ортақ қасиеттерді айы -руға үйрету. (қоршаған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | коммуни-кативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағды) **Қимылды ойын:** «Байқап қал». Мақсаты: Байқампаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу. . (физикалық дағды) **Еңбек:** Таза жолдар. **Өз бетінше ойындар** | әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік дағды) **Экология** (ауызша әңгімелеу) Қыстап қалатын құстар ж/е біздің ілген жемсауытымыздың пайдасы. **Қимылды ойын:** «Кім жылдам?». Мақсаты: Ептілікке, шапшандыққа баулу. (физикалық дағды) **Еңбек:** Құстарға жем шашу. **Өз бетінше ойын.** | **Қимылды ойын:** «Аңшы мен қояндар**».**Мақсаты: Нысанға қарды тігізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру. (физикалық дағды) **Еңбек:** Ауладағы шырша түптеріне қар үю. **Өз бетінше ойын.** | ционалды , коммуни-кативтік дағды) **Ойын:** «Қардан түрлі бейнелер жасау».Мақ-саты: Ойынға қызығу-шылығын арттыру. (физикалық дағды) **Еңбек:** Ағаштар түбіне қар ұю. **Экология** (бірлескен әрекет). Нысандарды қадағалау- ағаш түбін-дегі қардың қалыңды-ғын ж/е оның пайдасы анықтауға үйрету. **Өз бетінше ойындар.** | ортамен таныстыру, әлеуметтік-эмоционал-ды, коммуникативтік дағды) **Экология** (бақылау) Қарғаның қоршаған ортамен байланысын. **Қимылды ойын:**«Қыс -тап қалатын құсар». Мақсаты: Құстардың кейіпіне еніп, құстар-дың іс-қимылдарын жасауға үйрету. (физикалық дағды) **Еңбек:** Ағаш түптеріне қар ұю. **Өз бетінше ойын.** |
| Серуеннен қайту | Әр киімді шешіп өз ор-нына қойып, келесі киім -ді шешуге дағдысын дамыту. (әлеуметтік-эмоционалды дағды) **Экология** (моделдеу ә) Ауа райын белгілеу күнтізбеге. | Дидактикалық жаттығу: «Кім киімді дұрыс және тез бүктейді». Аяқ киімді дұрыс жинап қоюға дағдысын дамыту. (коммуникативтік дағды) | Өзара көмек қажеттілігін қалыптастыру. Көмек сұрауды сыпайы түрде білдіруге үйрету. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік дағды) | Киімге арналған шкафта тазалық пен тәртіпті өз бетінше сақтау қабілетін бекіту. (коммуникативтік дағды) | Сыртқы келбетімізді қадағалау әдетін қалып -тастырамыз, жолдаста -рымызға көмек береміз. (әлеуметтік-эмоционалды дағды) |
| Түскі ас | Ас ішу тәртібі: Тамақ ішіп отырып, ойыншық ойнауға, теледидар көруге болмайды. | Ырым, тыйым сөз: Қонаққа сынық ыдыспен ас беруге болмайды. | Ас ішкенде үстел басында тазалықты сақтау туралы мәлімет беру. (әңгіме) | Ас қайтару: Асын, асын, асына, Береке берсін басыңа. Дастарханың мол ..... | Тамақтан соң ауыз қуысын және қолды шау керек. |
| Күндізгі ұйқы | «Қолғап» ертегісін оқу. (коммуникативтік дағды) | Тыныш әуенді тыңдау. (шығармашылық дағды) | «Үйшік» ертегісін оқу. (коммуникативтік дағды) | Бесік жырын тыңдау. (шығармашылық дағды) | Тыныш әуенді тыңдау. (шығармашылық дағды) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Біртіндеп тұрғызу, сауықтыру рәсімдері | **«Оқтаулар»** жаттығуы. Оқтауларды жалаң аяқ алға-артқа қарай илеу. | **Сергіту гимнастикасы.** Жалпы дамыту жаттығуларды орындау. | Беті-қолын салқын сумен жуу.<br>Көзге арналған гимнастика. | **«Сулы жолдар»** жаттығуы. «Суды жолдардың» үстімен жалаң аяқ жүреді. | **«Сиқырлы іздер»** жаттығуы. «Сиқырлы-ілгекті» іздердің үстімен жалаң аяқ жүреді. |
| Бесін ас | Дастархан басында өзін-өзі ұстауы. (шағын әңгіме)<br>(коммуникативтік дағды) | **Ойын-жаттығу:**<br>Асықпай іш тамақты,<br>Жалама ыдыс аяқты.<br>(көркем әдебиет, коммуникативтік дағды) | **Таза тамақтану.** Тамақтану мәдениетін қалыптастыру, асты таусып жеуге үйрету.<br>(коммуникативтік дағды) | **Тыйым сөз:**<br>Дәнді шашпа,<br>Нанды баспа.<br>(коммуникативтік дағды) | **Ойын-жаттығу:**<br>Жылы су,<br>Қолдарымыз таза. Мен сабынның бір бөлігін ...<br>(коммуникативтік дағды) |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. әрекеттер) | **Әжемнің ертегісі.** Ерте-гі: «Ешкі мен түлкі». Мақсаты: қазақ ұлттық ертегімен таныстыру, мұқият тыңдауға және кейіпкерлерді атауға үйрету.(көркем әдебиет, коммуникативтік, әлеу-меттік-эмоционалды д.)<br>**Саусақтар ойыны**: «Ұзын баулар». №11 Мақсаты: ұзын баулар-ды І-тәсілмен өткізуге үйрету. (танымдық, коммуникативтік, физикалық дағды)<br>**Кітаптар қару.** «Қала көшелері»,«Көліктер» атты кітаптарды қарау. Мақсаты: бала-ларды кітаптың ішін-дегі суреттерді мұқият | **Кітаппен жұмыс.** Мақсаты: Балаларды боямақ кітаппен жұмыс жасауға үйрету. Кітапта берілген жапсырманы жапсыруға және түрлі түсті қарындашпен бояу дағдысын дамыту. (шығармашылық дағды)<br>**Өнегелі әңгіме.** Біз ақылды баламыз- кітапты жыртпаймыз. Суретін қараймыз, ал боямақ кітапты бояймыз.<br>**Сюжетті -рольдік ойын**: «Дүкенші». №1 Мақсаты: Балаларды дүкенші мамандығы туралы әңгімелеуге және оның кейіпіне еніп ролді сомдай алуға үйрету. (танымдық, | **«Өлкетану» бұрышы.** Мақсаты: Балаларды қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. (әлеуметтік-эмоционалды коммуникативтік дағды)<br>**Кітаптар қарау.** Ертегі кітапты қарау және суреттің мазмұны бойынша ертегіні еске түсіру, әңгімелеуге үйрету. «Қолғап» ертегісі. (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағды)<br>**Дидактикалық ойын:** «Жыл мезгілдері». №19 Мақсаты: күз бен қыс мезгілінің ерек-шелігін атауға, сипаттауға ж/е қиықша суреттерді «күз» және «қыс» деп топтастыруға үйрету. Табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтауға | **Ойын-жаттығу:**«Оюөрнектер әлемі». Мақ-саты: Балаларды қазақ ұлттық негізгі оюла-рымен таныстыру. Ою-лардың үстімен сау-сақтарын басып жүр-гізуге үйрету. (шығар-машылық, әлеуметтік-эмоционалды дағды)<br>**Сюжетті -рольдік ой-ын**: «Жүргізуші». №6. Мақсаты: Балаларды жүргізуші, көліктер түрлері туралы әңгі-мелеу ж/е оның кейі-піне еніп ролді сомдау-ға үйрету. (коммуни-кативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағды)<br>**Өнегелі әңгіме.** Мамандықтардың бәрі | **«Табиғат бұрышы»:** «Үй жануарлары», «Жайлауда». Мақсаты: балаларды үй жануарларды және төлдерін атын атауға, дауысын салуға және «Жайлауда» атты панноны құрастыруға үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру, коммуникативтік, әлеу-меттік-эмоционалды дағды)<br>**Ұлттық аз қимылды ойын:** «Шеңбер».№49 Мақсаты: балаларды асық-сақасын көздеп шеңбердегі асықтарды атып шығаруға үйрету (физикалық дағды) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарап, әңгімелеуге және көліктерді атауға үйрету. (көркем әдебиет, коммуника-тивтік дағды) | коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағды) | баулу. (қоршаған ортамен таныстыру, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағды) **Экология** (ойын) Табиғатта болатын өзгерістер | жақсы. Ал өскенде мен кім боламын? | |
| Балалармен жеке жұмыс | **«Қолғап» ертегісі.** Мақсаты: Балаларды ертегінің мазмұнын еске түсіреп, әр жануардың іс-әрекетін анықтауға үйрету. (коммуникативтік дағды) (Мейірім, Тимур, Мирсайд) | **Қала көшелері-көліктер** («Жолда жүру» бұрышы) Мақсаты: балаларға қала-ның көшелеріндегі көлік-тер туралы түсінік беру ж/е «Жолда жүру» бұры-шында түрлі жағдаятарды қарастыруға, шешуге үйре -ту. (әлеуметтік-эмоцио-налды дағд)(Әмір, Адиля) | **Дидактикалық ойын:** «Пішіндер әлемі». №27 (жұмыртқа қорабы). Мақсаты: пішіндерді топтастыруға үйрету. (танымдық, коммуникативтік дағды) (Осман, Алима, Несібелі) | **Шығармашылық ойын:** «Ғажайып ер-мексаз». №7 Мақсаты: балаларды созу, дома-лату, ширату тәсілдері арқылы көлікті мүсін-деп жасауға үйрету. (шығармашылық дағ) (Сезім, Мерген) | **«Көліктер»** тақырыбы бойынша суреттер қа-рау. Мақсаты: балалар-ды көліктерді атауға және сипаттауға үйрету. (шығармашы-лық, коммуникативтік дағды) (Абылайхан, Адия) |
| Серуенге дайындық | Балалардың киінгенде замоктарын тағып, киімдегі олқылықтарды байқап, оны дұрыстай білулерін қадағалау. | Аяқ киімнің бауын (замоғын) байлап, киімдегі олқылықтарды байқап, оны дұрыстай білулерін қадағалау. | Киім бөлмесінде мінез-құлық ережелерін сақтауға, сыпайы сөздерді қолдана отырып, көмек сұрауға үйретуді жалғастыру. | Балаларды өз бетінше киінуге үйрету жұмысын жалғастыру. | Бір-біріне мейрімді болуға, көмек беруге үйрету жұмысын жалғастыру. **Үнемді тұтыну.** Бөлмелердің жарығын сөндіреміз. |
| Серуен | **Ұлттық қимылды ойын: «**Арқан тарту». №2 Мақсаты: Балаларды бір-бірімен қарама-қарсы тұрып арқанды тартып өз күшін көрсетуге үйрету. (физикалық дағды) | **Ұлттық қимылды ойын:** «Қара құлақ». №50 Мақсаты: Балаларды бағытты өзгертіп жүгіру дағдысын қалыптастыру. Кеңістікті бағдарлауға үйрету.(физикалық дағды) | **Ұлттық қимылды ойын:** «Шар жарылды». №51 Макса –ты :балаларды шеңберге тұ-руға, артпен жүруге ж/е алғай қарай жылжып жүруге үйре-ту. Бір-бірін итермей жүруге және тәрбиешінің белгісі бойынша іс-әрекет жасауға үйрету.(физикалық дағды) | **Ұлттық аз қимылды ойын:** «Қасқыр мен қақпан». №60 Мақса-ты:балаларды ептілік-ке, шапшаңдыққа бау-лу.Қауіпсіз ережені мұқият сақтауға тәр-биелеу. (физикалық дағды) | **Балабақша ауласына серуен.**Балалармен әң-гімелесу. Мақсаты: ба-лаларды балабақша ау-ласында, далада болып жатқан өзгерістерді байқауға үйрету. (физи -калық, әлеуметтік-эмоционалды дағды) |
| Серуеннен оралу | Дидактикалық жаттығу: «Шкафқа киімдерді іліп және бүктеп қою». | Киімге арналған шкафты тазалық пен тәртіпті өз | Өлең: Маған көмектесудің қажеті жоқ- Күртешені өзім шешіп аламын, (етігімді ..) | Сыртқы киімдерді мұқият іліп және | Ішке киетін аяқ киімнің ілімшектерін тағуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Әр түрл тәсілдерді қолдану қабілетін дамы | бетінше сақтау қабілетін дамыту. | Мұқият тыңдаңыз, Мен тәуелсізбін. | бүктеп қою дағдыларын бекіту. | үйрету жұмысын жалғастыру. |
| Кешкі ас | Кешкі ас алдында қолды сабынмен жуу дағдысын бекіту. | Тамақтанған кезде тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. Берген асты тауысып жеу керек. | Балаларға үш саусағыңызбен қасықты дұрыс ұстауға үйрету жұмысын жалғастыру. | Өзі отыратын орнын таза және ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. | Тамақты асықпай, жақсылап шайнап жеуді керек екен үйрету жұмысын жалға |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. әрекеттер) | **Үстел-үсті ойыны:** «Су-ретті домино».№10Мақ-саты:балаларды домино ойынның топтасып ойнауға үйрету.(шығар-машылық, коммуника-тивтік, танымдық дағды) **Өнегелі әңгіме.** Бәріміз достасып ойнаймыз. Ойнап баланың ойынның бұзбаймыз. **Еркін ойындар.** Мақса-ты: балаларды өз бетін-ше топтасып, досдасып ойнауға дағдысын қа-лыптастыру. (коммуни-кативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағды) | **Саусақтар ойыны:** «Моншақ жасау». №13 Мақсаты: Балаларды бауларды тесіктерден өткізіп моншақ жасауға үйрету. (шығармашылық дағды, ұсақ қол моторикасын дамыту) **Дидактикалық ойын:** «Көліктер түрлері». №25 (ұсақ ойыншықтар) Мақсаты: Балаларды көліктерді атауға және оларды топтастыруға үйрету. (коммуникативтік дағды) | **Дидактикалық ойын:** «Фотосуретші». №5 Мақсаты: Балаларды фотосуретшінің қимылын жасауға және қиықшаны бөлігін табуға үйрету. (танымдық, шығармашылық дағды) **Дидактикалық ойын:** «Сиқырлы құс». №23 Мақсаты: Балаларды құстың құйрығының дақтарын берілген ретігімен орналастыруға үйрету. (танымдық, шығармашылық дағды) | **Дидактикалық ойын** «Қар жауды». №26 Мақсаты: балаларды қуысты қарға-мақтаға толтырып, оны көк түсті бояумен бояуға үйрету. (шығар -машылық,әлеуметтік-эмоционалды дағды) **Еркін ойындар.** Мақсаты: балаларды өз бетінше топтасып, досдасып ойнауға дағдысын қалыптасты -ру. (коммуникатив-тік, әлеуметтік-эмоционалды дағды) | **Дидактикалық ойын:** «Досыңа көмектес». №18 Мақсаты:балалар-ды ірі қима суреттерді құрастыруға үйрету. (танымдық, шығарма-шылық д) **Өнегелі әңгіме.** Тап-сырманы орындағанда бір-бірімізге көмек береміз. Біз достармыз. **Дидактикалық ойын:** «Ертегілерді ажырат». №13+ Мақсаты: Бала -ларды берілген 2 ертегілердің сюжетті суреттерін топтас-тырып ажыратуға және ретімен қоюға үйрету. (шығармашылық, ком-муникативтік дағды) |
| Балалардың үйге кетуі | **Ұлттық ойын:**«5 асық» Ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Баламен бірге ойнауға ұсынамын. | **«Мобильді кітапхана» бұрышы.** Ата-аналарға балалармен қазақ ертегілерді қарағау және әңгімелеуге ұсыны. | **«Қысқы ұлттық киімдер» суретті көрме.** Ата –аналарға ескерту. Ауа-райына сай баланы киіндіру керектігін. | **«Мен қазақпын»**: баланы бейсенбі және жұма күндері ұлттық киім киюге дағдысын қалыптастыру. | **«Ата-ана, бала және педагог»** үштемнің жұмыс жасауы. Логопед берген үй тапсырмасын беру. |

**Әдіскер:** «7» «02» 2025ж.
**Қолы:** ________________________________
**Тәрбиеші:** Бисеналина Д.Н.

## Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы-** №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы, Актөбе қаласы.
**Топ:** № 3 «Гүлдер» арнайы ересек.
**Балалардың жасы:** 4 жас.
**Жоспардың құрылу кезеңі-** 10.02-14.02.2025ж

| Күннің болжамды режимі және оның мазмұн | **Дүйсенбі 10.02** | **Сейсенбі 11.02** | **Сәрсенбі 12.02** | **Бейсенбі 13.02** | **Жұма 14.02** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | **«Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын** орындау.<br><br>**«Арқаға салынған суреттер» ойыны**<br>**Мақсаты:** Қиял және жанасу түйсіктері мен қабылдауын дамыту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағды, физикалық дағды)** | **Саусақ ойын жаттығуы: «Қоян»**<br>Ұсақ саусақ қимылдарын жетілдіру<br>**(сөйлеуді дамыту) (коммуникативтік, дағдыны дамыту)**<br>**Ойын: «Көліктер»**<br>Көлік түрлерін ажыратуды үйрету. Жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **«Көңілді асықтар»**<br>Асықтармен ойындар ойнауға қызығушылықтарын туғызу.<br>**(дене шынықтыру) (физикалық, танымдық іс-әрекет**<br>**Ойын жаттығуы:**<br>Иілеміз, оңға бір,<br>Иілеміз, солға бір.<br>Қимылдайды әр сәтте,<br>Аяқ та бір, қол да бір<br>**(коммуникативтік, физикалық дағды)**<br>**«Күй күмбірі».** Күйдің әуені ойнап жатыр. | **«Әдепті сөздер»** шеңбері<br>Мақсаты: Сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету.<br>Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне допты бере отырып,әдепті сөздер айтады.<br>**(әлеуметтік, қарым-қатынас әрекеті)**<br>**«Ретімен бас» ойыны**<br>Мақсаты: 5ке дейінгі сандарды ретімен атайды.<br>Шарты: жерде тор көзге салынған санды атап, басып секіреді<br>**(физикалық,танымдық дағдыны дамыту)** | **«Айнаша сурет салу» жаттығуы**<br>**Мақсаты:** Екі ми сыңарларының жұмысын жақсарту.<br>Параққа фломастерді екі қолға бірдей алып сандарды салу.<br>**(танымдық, физикалық дағдысын дамыту )** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ата – аналармен әңгімелесу, кеңестер. | **Дәйек сөздер:** «Шығармашыл бала-ойлы бала» | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу | **«Өнегелі 15 минут» (Біртұтас тәрбие бағдарламасы)** Ата-анамен кітаптар қарау. Ұлттық ою өрнектер түрлері. | **«Өнегелі 15 минут» (Біртұтас тәрбие бағдарламасы)** **Үйде баламен бірге** «Бесік жырын» дәріптеу | Ата-ананы «Үйде жалғыз қалғанда» буклетіне назар аударып, баланың денсаулығын қадағалауын ескерту. |
| Балалардың өздік іс-әрекеті (қозға-ласы аз ойындар, үстел үсті ойындар, көркемөнерпа здар ойынд. кітаптарды қарау және басқалар) | **Ұ:О:** «Асық ату» **«Ұлттық ойын ұлт қазынасы» (Біртұтас тәрбие бағдарламасы)** (физикалық дағды) | «Жануарларды өз мекеніне орналастыр» ойыны. Мақсаты: үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажырата алады. **(танымдық-зияткерлік іс-әрекет)** | **Дамытушы ойын «Ғажайып музыкалық аспаптар»** Ойын барысы. Балаларға түрлі аспаптардың әуенің қосып, қай аспаптың дыбысы екенін анықтауға үйрету. **(музыка) (шығармашылық дағдыны дамыту)** **Сюжетті сурет қарау:** «Үлкендерді сыйлаймыз» **Өнегелі әң гіме.** | **Ұ:О:** «Күш сынасу» **«Ұлттық ойын ұлт қазынасы» (Біртұтас тәрбие бағдарламасы)** | **Дамытушы ойын "Дәрігерге не керек?»** Балалардың мамандық туралы білуін үйрету. Ұсақ моториканы, сөйлеуді, сөздерді логикалық түрде құру қабілетін дамыту. **(коммуникативтік дағды)** |
| Таңғы жаттығу | Таңертеңгілік гимнастика кешені № Мақсаты: жетекші нұсқауышының жоспарымен өтеді. (физикалық дағдыларын дамыту) | | | | |
| Таңғы ас | Таңғы ас алдында қол-дарын тазалап жууын қадағалау. **Өнегелі әңгіме.** | Тамақты ішкенде төкпей және шашпай, асықпай ішуге дағдыларын қалыптастыру. | Таңғы асқа берілген ботқа жайлы әңгімелеу және оның денсаулыққа пайдасы жайлы айту. | Қасықты оң қолымен ұстауларын қадағалау. **Үнемді тұтыну.**Тамақ-ты ысырап қылмаймыз. | Ас ішіп отырғанда тәртәпті сақтау керек, сөйлемеулерін қадағалау. |
| Ұйымдастыр ылған қызметке дайындық | "Кітап бұрышындағы еңбек" Кітаптарды қалпына келтіру, жинастыру. **(әлеуметтік дағдыны дамыту)** | **Тіл ұстарту жаттығуы:** Яз-яз-яз Күн қатты аяз. (коммуникативтік дағды) | **«Бір сөзбен ата» ойыны** **Мақсаты:** балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ең соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешу арқылы тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу. | **Арттикуляциялық - жаттығу:** № 4-6 (сөйлеуді дамыту, физикалық, коммуникативтік дағдыларын дамыту) **Нейрожаттығу:** | **Арттикуляциялық - жаттығу:** № 7-9 (сөйлеуді дамыту, физикалық, коммуникативтік дағды) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Күй күмбірі».** Күйдің әуені ойнап жатыр**.** | | **(коммуникативтік дағдыны дамыту)** Артикуляциялық жаттығулар «Сағат», «Тосап» , «Кесе» | «Құймақтар»**, «**Аяқтар мен мүйіздер» (үстел үстінде, №9, 10) (физикалық дағды) | |
| Мектепке дейінгі кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу іс әрекеті | **1.Сөйлеуді дамыту** (маман жоспарына сай) **2.Дене шынықтыру** (маман жоспарына сай) | **1.Дыбыстап айту** (маман жоспарына сай) **2. Дене шынықтыру** (маман жоспарына сай) | **1. Дене шынықтыру** (маман жоспарына сай) **2.Музыка** (маман жоспарына сай) | **1.Сөйлеуді дамыту.** (маман жоспарына сай) **2.Музыка** (маман жоспарына сай) | **1.Сөйлеуді дамыту.** (маман жоспарына сай) **2. Қазақ тілі** |
| | **Дидактикалық ойын:** «Қыс қызығы». Мақсаты: Қыс мезгілін сипаттауға және сөздегі ызың ж/е үнді дыбыстарды анық айтуға үйрету. Жеке-көпше түрде айту дағдысын дамыту. (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды дағды) **3.** Қағазды жұлмалап қию әдісімен қысқы ағаштарды орналастырып желімдеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. **(жапсыру) (шығармашылық дағдыны дамыту)** | **«Дәл осындай пішінді тап»** Ойынның мақсаты : геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. **Педагог жетекшілігімен ойын. «Жыл мезгілдері»** Мақсаты: Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау. | **2.Кеңістікті бағдарлау** «Не қайда тұр?» ойыны Кеңістіктегі заттардың өзіне қатысы орнын анықтайды. **(математика) (танымдық және зияткерлік дағдыны дамыту)** **Шығармашылық** Қысқы табиғатты салуда түсті дұрыс таңдап алып, қылқаламмен ұқыпты бояу. **(шығармашылық дағдыны дамыту** | **Қысқы ойын мүсіндеу** Бірнеше бөліктерден затты мүсіндеу, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. **«Ұқсас заттарды тап» ойыны** Мақсаты: Геометриялық фигураларды танып атай білу,бос торларды сәйкес фигуралармен толықтыру. **(танымдық іс-әрекет) (мүсіндеу, шығармашылық дағды) «Күй күмбірі»** «Қар жамылған ағаштар» (сурет бойынша әңгімелеу) | **Тыныс алу жаттығулары:** «Ұлпа қарлар». (физикалық, коммуникативтік дағды) 1. Бұрыннан таныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратын дамыту. **(қазақ тілі коммуникативтік дағдыны дамыту)** **Құрастыру.** Шыршаны құрастыру. (құрастыру, танымдық, шығармашылық дағды) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуенге дайындық | Киіну-шешіну. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Шешінетін жерде мінез-құлық ережелерін сақтауға үйретуді жалғастыру. | Қауіпсіздік ережесі. Мұзды жермен емес, құм себілген жермен жүру керектігін айту. | Киіну-шешіну. Бір-біріне көмек көрсету. (тәрбиеші және белсенді балалардың) **Үнемді тұтыну.** Суды үнемді тұтыну.Кранды ашық қалдырмау. | Киіну-шешіну. Шкафқа киімді жинап, есігін жауып, екінші аяқ киімді жинап кету. Дид. ойын: «Аяқ-киім ұрысып татуласты». | Киіну-шешіну. Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын дамыту. Ауызша үйретуді жалғастыру, көмек сұрауды білдіруге үйрету. |
| Серуен | **Картотека № 1** **Қырауды бақылау.** Мақсаты: балаларға қыраудың қалай болатынын түсіндіру. Қырау түскен ағаштарды бақылау. **Қимылды ойын:** «Суыққойлар» Мақсаты: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу. **Еңбек:** бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету. **Жеке жұмыс**: тәжірибе жасау: мұз бу су | **Шыршаны бақылау. №9** Мақсаты:Шыршаның тікенекті, оның қысы-жазы бір түсте болатынын көрсете түсіндіру. (қоршаған ортамен танысу, әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік дағды) **Қимылды ойын: «**Аңшы мен қояндар**».**Мақсаты: Нысанға қарды тігізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру. (физикалық дағды) **Еңбек:** Ауладағы шырша түптеріне қар үю. **Өз бетінше ойын.** | **Картотека № 3** «Суық торғайды бақылау **Қимылды ойын:** «Суыққойлар» Мақсаты: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу. **Еңбек:** Қар күреу. Мақсаты: Қардың жерге қалың түскенін айтып, қарды күрекпен күреу арқылы жол жасап, күректі калай ұстау керектігін үйрету. **Өз бетінше ойындар** | **Картотека № 7** Қыстап қалатын құстарды бақылау. **Қимылды ойын: «Кім жылдам?»** Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Балалардың бойындағы зейінділік, сезімталдық қабілеттерін дамыту. **Еңбек:** Құстарға жем шашу. **Ұлттық қимылды ойын:** «Арқан тарту». **Өз бетінше ойындар** | **Картотека № 10** **Мұзды бақылау.** Мақсаты: Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. **Еңбек:** Тайғанақ жерге құм себу. **Қим ойын: «Тышқан мен мысық»** Мақсаты: Шапшандыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету. **Өз бетінше ойындар.** |
| Серуеннен қайту | Ересектердің көмегімен рет-ретімен шешіну қабілетін бекіту. Әр киімді шешіп өз орнына | Сулы қолғапты жайып қою, құрғату. | Өзара көмек қажеттілігін қалыптастыру. Көмек сұрауды сыпайы түрде бүлдіруге үйрету. | Киімге арналған шкафта тазалық пен тәртіпті өз бетінше сақтау қабілетін бекіту. | Сыртқы келбетімізді қадағалау әдетін қалып -тастырамыз, жолдаста -рымызға көмек бере- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қойып, келесі киімді шешуге дағдысын дамыту. (әлеуметтік-эмоционалды дағды) | | (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік дағды) | (коммуникативтік дағды) | міз. (әлеуметтік-эмоционалды дағды) **Үнемді тұтыну.** Суды шашпай, жуынамыз. |
| Түскі ас | Түскі ас алдында гигие-налық шараларды орын -дау. **Үнемді тұтыну.** Электр қуатын үнемді жұмсау керек. | Ас ішу әдебін сақтау туралы айту. | Балаларға бірінші тағамның сорпасын, негізгі тағаммен және гарнирмен жеуге үйрету. | Балаларға алақанды бір-біріне ысқылап жуу дағдысын қалыптастыру. | Балалардың жуғаннан кейін қолдарын қысу қабілетін дамыту. |
| Күндізгі ұйқы | «Қолғап» ертегісін оқу. (көркем әдебиет, коммуникативтік дағд) | Тыныш әуенді тыңдау. (музыка, шығармашылық дағды) | «Үйшік» ертегісін оқу. (көркем әдебиет, коммуникативтік дағды) | Бесік жырын тыңдау. (музыка, шығармашылық дағды) | Тыныш әуенді тыңдау. (музыка, шығармашылық дағды) |
| Біртіндеп тұрғызу, сауықтыру рәсімдері | **«Оқтаулар»** жаттығуы. Оқтауларды жалаң аяқ алға-артқа қарай илеу. | Беті-қолын салқын сумен жуу.<br>Көзге арналған гимнастика. | Беті-қолын салқын сумен жуу.<br>Көзге арналған гимнастика.<br>**Үнемді тұтыну.** Суды пайдалы жұмсау. | **«Сулы жолдар»** жаттығуы. «Суды жолдардың» үстімен жалаң аяқ жүреді.<br>**Өнегелі әңгіме.** | **«Сиқырлы іздер»** жаттығуы. «Сиқырлы-ілгекті» іздердің үстімен жалаң аяқ жүреді. |
| Бесін ас | Бесін ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды жуу, өз орамылыңды қолданып, орнына ілу.<br>(физикалық дағды) | **Тыйым сөз:**<br>Дәнді шашпа,<br>Нанды баспа.<br>(коммуникативтік дағды) | Алдына қойған асқа назар аударту. Тамақ алдында қол жуу туралы айту.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың,<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенің осы.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз).** | Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың,<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенің осы.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз).** | **Ойын-жаттығу:**<br>Жылы су,<br>Қолдарымыз таза.<br>Мен сабынның бір бөлігін аламын, алақанды уқал (көркем әдебиет, коммуникатив -тік, физикалық дағды) |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, | **Сюжетті-рөлдік ойын:"Кітапхана"**<br>Кітапхана жайында ұғымдарын кеңейту. Кітапханашы мамандығын құрметтеуге үйрету. | **«Әр заттың өз орны бар» ойыны**<br>Мақсаты: Әр заттың қажеттілігі, өзінің атқаратын қызметі және кеңістіктегі орны жайлы түсініктерін бекіту, Балалардың заттарға | Жануарлардың қысқы тіршілігі суреттер қарау, әңгімелесу<br>**(қоршаған ортамен таныстыру) (әлеуметтік-эмиоционалды дағдыны дамыту)** | **«Бір сөзбен ата» ойыны**<br>Мақсаты: Жалпылама сөздерді ойын барысында үйрету.<br>Шарты: тәрбиеші қолындағы допты лақтырып көп сөз | **Сюжетті-рөлдік ойын: "Аспазхана"**<br>Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. әрекеттер) | **Дамытушы жаттығу. "Қанша затты көрсең, сонша санды көрсет".** Балалардың әрқалай орналасқан заттарды, көзбен қарап, санап ала білу қабілетін арттыру, жиын санын карточка арқылы көрсетуге ынталандыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | деген ұқыптылығын тәрбиелеу. **(әлеуметтік-эмоционалды дағдыны дамыту** **«Құстар қалай дауыстайды?»** Қарға------ қарқылдайды Сауысқан----- шақылдайды Тоқылдақ -------- тоқылдайды Бұлбұл – сайрайды Қаз – қаңқылдайды. Торғай – шиқылдайды. Көкек – көкектейді. | Нейрожаттығулар жасату. **Баяу қимылды ойын: «Мен сияқты жаса»** (қимылмен көрсету) Тігінші не істейді?(тігеді) Етікші не істейді? (қағады) Жүргізуші не істейді? (айдайды) Аула сыпырушы (сыпырады) | айтады. Қағып алған бала сол сөздердің жалпылама , баламасын айтады. Мысалы: әке, аға, ана,тәте – отбасы. Кесе, шанышқы,қасық.... **(коммуникативтік дағдыны дамыту)** **Сюжетті -рольдік ойын**: «Жүргізуші». №6. Мақсаты: жүргізуші, көліктер түрлері тура-лы әңгімелеу және оның кейіпіне еніп ролді сомдауға үйрету. (коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағды) **Қауіпсіздік ережесі.** Қоғамдық орындардағы және көліктегі мінез-құлық қағидалары. | гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау. **Дамытушы жаттығу "Не жоқ?"** Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** |
| Балалармен жеке жұмыс | Алима, Несібелі қайшымен қиюға жаттықтыру. Дид ойын: Кеңістікті бағдарлау. Мақсаты: балаларға ойын арқылы кеңістікті бағдарлай біледі. (шығармашылық, танымдық дағдыны дамыту) | Абылайхан, Әмірмен зейінін тұрақтандыруға ойын. | «Не артық?» ойыны Мақсаты: Суретке қарап, оларды топтастырады. Топтастырып жалпы атауын атайды. (сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдыны дамыту) | Шығ. ойын: «Ғажайып ермексаз Мақсаты:ермексазбен түрлі мүсіндер жасату. (шығармашы-лық дағды) (Осман, Мерген) | Дид ойын: «Көп және біреу» Ойынның мақсаты: көп және біреу заттардың тең, тең емес топтарын салыстыра алады. (танымдық дағдыны дамыту) (Нейрожаттығулар жасату. ( (Мирсайд, Адия) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуенге дайындық | Балалардың киінгенде замоктарын тағып, киімдегі олқылықтарды байқап, оны дұрыстай білулерін қадағалау. | Балаларды өз бетінше киінуге үйрету жұмысын жалғастыру. | Киім бөлмесінде мінез-құлық ережелерін сақтауға, сыпайы сөздерді қолдана отырып, көмек сұрауға үйретуді жалғастыру. | Балаларды өз бетінше киінуге үйрету жұмысын жалғастыру. | Бір-біріне мейрімді болуға, көмек беруге үйрету жұмысын жалғастыру. Дидактик. жаттығу: «Досқа қалай көмектесуге болады». |
| Серуен | **Картотека №4**<br>Ауа- райының салқындауын бақылау. | **Шыршаны бақылау. №9** | **Картотека №6**<br>Желді бақылау. | **Картотека №8**<br>«Жылы жаққа қайтқан құстарды бақылау» | **Картотека №9**<br>Аула сыпырушының еңбегін бақылау. |
| Серуеннен оралу | Дид. жаттығу: «Шкафқа киімдерді іліп және бүктеп қою». Әр түрл тәсілдерді қолдану қабілетін дамыту. | Сыртқы киімдерді мұқият іліп және бүктеп қою дағдыларын бекіту. | **Өлең:** Маған көмектесудің қажеті жоқ- Күртешені өзім шешіп аламын, (етігімді ..)<br>Мұқият тыңдаңыз,<br>Мен тәуелсізбін. | Сыртқы киімдерді мұқият іліп және бүктеп қою дағдыларын бекіту. | Ішке киетін аяқ киімнің ілімшектерін тағуға үйрету жұмысын жалғастыру. |
| Кешкі ас | Кешкі ас алдында қолды сабынмен жуу дағдысын бекіту. | Асты тауысып жеу туралы айту. | Балаларға үш саусағыңызбен қасықты дұрыс ұстауға үйрету жұмысын жалғастыру. | Өзі отыратын орнын таза және ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. | Тамақты асықпай, жақсылап шайнап жеуді керек екен үйрету жұмысын жалғастыру. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар | **Үстел үсті ойыны:**<br>«Домино»<br>Нейро жаттығулар орындау.<br>**(танымдық және зияткерлік дағдыны дамыту)**<br>**Қимылды ойын:** | **«Дұрыс па, бұрыс па?» ойыны**<br>Мақсаты: Іс-әрекеттердің дұрысы, бұрысын ажыратады.<br>Байланыс құралдары: пайдасы мен зияны туралы<br>(қоршаған ортамен таныстыру) | **Дидактикалық ойын:**<br>«Фотосуретші». Мақсаты: Балаларды фотосуретшінің қимылын жасауға және қиықшаны бөлігін табуға үйрету. (танымдық, шығармашылық дағды)<br>**Дидактикалық ойын**<br>«Ғажайып қапшық» | **Ұлттық ойын:** «Тақия тастамақ»<br>**«Танграмм» ойыны**<br>Геометриялық пішіндерден жануарларды құрастырады.<br>**(танымдық – зияткерлік, дағдыны дамыту)** | **«Қиялдағы сурет» дидактикалық ойыны**<br>Балалардың қиялдарын дамыту, өзара қарым-қатынастарын жақсарту.<br>**(шығармашылық, коммуникативтік дағдыны дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| қарау және т.б. әрекеттер) | «Ұстаушы, лентаны ал» ойыны **дене шынықтыру)** **(физикалық дағдыны дамыту)** | **(әлеуметтік-эмоционалды дағдыны дамыту)** Көліктер боямақтарын бояу. **(шығармашылық іс-әрекет** | Сандарды сипап сезу арқылы айтқызу. **(математика негіздері)** **(Танымдық, зеттеушілік дағды)** **Қимылды ойын:** «Қақпан» **(физикалық дағдыны дамыту)** | **Тұзды қамырдан түрлі бейнелер жасау**. Өз қалауларынша **(шығармашылық іс-әрекет)** | **Қимылды ойын №8** **(физикалық дағдыны дамыту)** Кітап бұрышында жыртылған кітаптарды желімдеу, реттеу. **(еңбек іс-әрекеті)** **(әлеуметтік – эмоционалды дағдыны дамыту)**. |
| Балалардың үйге кетуі | **«Өнегелі 15 минут»** **(Біртұтас тәрбие бағдарламасы )** «Әжемнің ертегісі» үйден оқу | **«Өнегелі 15 минут»** «Әдептілік әліппесі» баламен бірге суреттер қарау.. | **«Өнегелі 15 минут»** **(Біртұтас тәрбие бағдарламасы )** Баламен бірг ою құрастырамыз | Баланың өзін-өзі ұстауы жөнінде, жағымсыз мінез-құлық көрсететін балалардың ата-анасымен жеке сөйлесу. | Логопедтің берген тапсырмаларын үйде бірге қайталаймыз**.** |

**Әдіскер:** «14» «02» 2025ж.
**Қолы:** ______________________________
**Тәрбиеші:** Бисеналина Д.Н.

**Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы-** №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы, Ақтөбе қаласы.
**Топ:** № 3 «Гүлдер» арнайы ересек.
**Балалардың жасы:** 4 жас.
**Жоспардың құрылу кезеңі-** 17.02-21.02.2025ж

| Күннің болжамды режимі және оның мазмұн | **Дүйсенбі 17.02** | **Сейсенбі 18.02** | **Сәрсенбі 19.02** | **Бейсенбі 20.02** | **Жұма 21.02** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | **«Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын** орындау.<br>**«Ұқсас заттарды тап» ойыны**<br>Мақсаты: Геометриялық фигураларды танып атай білу,бос торларды сәйкес фигуралармен толықтыру.<br>**(танымдық іс-әрекет)**<br>**«Көліктерді топтастыр» ойыны**<br>Мақсаты: жүк, жолаушы, арнайы көліктерді ажыратады, топтастырады.<br>**(коммуникативтік, физикалық дағды)** | **Саусақ ойын жаттығуы: «Қоян»**<br>Ұсақ саусақ қимылдарын жетілдіру<br>**(сөйлеуді дамыту) (коммуникативтік, дағдыны дамыту)**<br>**Ойын: «Көліктер»**<br>Көлік түрлерін ажыратуды үйрету. Жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **«Көңілді асықтар»**<br>Асықтармен ойындар ойнауға қызығушылықтарын туғызу.<br>**(дене шынықтыру) (физикалық, танымдық физикалық дағды)**<br>**«Бір сөзбен ата» ойыны**<br>Мақсаты: Жалпылама сөздерді ойын барысында үйрету.<br>Шарты: тәрбиеші қолындағы допты лақтырып көп сөз айтады. Қағып алған бала сол сөздердің жалпылама , баламасын айтады.<br>**(коммуникативтік дағдыны дамыту)**<br><br>**«Күй күмбірі».** Күйдің әуені ойнап жатыр. | **"Кітап бұрышындағы еңбек"** Кітаптарды қалпына келтіру, жинастыру.<br>**(әлеуметтік дағдыны дамыту)**<br><br>**«Ретімен бас» ойыны**<br>Мақсаты: 5ке дейінгі сандарды ретімен атайды.<br>Шарты: жерде тор көзге салынған санды атап, басып секіреді<br>**(физикалық,танымдық дағдыны дамыту)** | **«Нейрожаттығу» жаттығуы**<br>**Мақсаты:** Екі ми сыңарларының жұмысын жақсарту.<br>Екі түсті кубикті қолға бірдей алып , сол түстерге қатысты қорапқа салу.<br>**(танымдық, физикалық дағдысын дамыту )**<br>**«Әдепті сөздер»** шеңбері (доппен)<br>Мақсаты: Сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету.<br>Шеңберге тұрады, бір-біріне допты бере отырып,әдепті сөздер айтады.<br>**(әлеуметтік, қарым-қатынас әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
